

Батыс Қазақстан облысы

Сырым ауданы. ЖББ Қ.Мырзалиев

атындағы Бастауыш сынып мұғалімі

Лукпанова Лайлим Сериковна

Сабақтың тақырыбы:Сын есім

Сабақтың мақсаты:

Білімділігі:Сын есім Сын есім туралы түсінік беру. Сөз таптарынан сын есімді ажырата білуге, сұрақ дұрыс қоя білуге, сын есіммен байланысты сөздерді табуға үйрету.

Дамытушылығы:Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Оқушылардың жаңа технологияны пайдалана отырып сабаққа деген қызығушылығын арттыру. Өздігінен жұмыс істей білуге машықтандыру.

Тәрбиелілігі:Бір-бірін тыңдай білуге, өзара ынтымақтастыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, сәйкестендіру, топтастыру, постер, доп лақтыру.

Көрнекілігі:интерактивті тақта, жеке суреттер, доп, фишка.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Оқушыларды сабаққа дайындау. Топқа бөліп алу (қызыл, жасыл алма арқылы)

II. Үй тапсырмасын тексеру

5-жаттығу 65 бет. Оқушылар бір-бірін тексереді. Парта бойынша өзім тексеріп шығамын.

III. Үй тапсырмасын бекіту

- Кәмпитке сұрақтар оранып, оқушыларға таратылады. Екі топ бір-біріне сұрақ қояды.

Мен: Сұрақ: Зат есім дегеніміз не? Сұрағы қандай?

1т. Жауап: Заттың атың білдіретін сөздер. Кім? Не? Кімдер? Нелер?

Сұрақ: Етістік дегеніміз не?

2т. Жауап: Заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөздер.

Сұрақ: Сын есім дегеніміз не?

1т. Жауап: Заттың түрін, түсін, сапасын білдіретін сөздер.

Сұрақ: Туынды сөз дегеніміз не?

2т. Жауап: Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған сөз

Сұрақ: Етістіктің сұрағы қандай?

1т. Жауап: Не істеді? Не қылды? Қайтты?

Сұрақ: Сын есімнің сұрағы қандай?

2т. Жауап: Қандай? Қай?

IV. Жаңа сабақ

Интерактивті тақтамен жұмыс.

- Тақтадан ненің суретін көрдіңдер? (Алма)
- Алмаға сипаттама бергізу. (ассоциация)

(1 слайд)

- Бұл сөздер қандай сұраққа жауап береді?
- Қандай? деген сұраққа жауап беретін қай сөз табы?
- Сын есім бізге не үшін керек?

1-жаттығу. Берілген суреттегі зат есімдерге қатысты сын есімдерді тауып жаздырамын.

(Бір-біріне доп лақтыру арқылы орындалады)

(2 слайд)

2-жаттығу. Сөйлемдерді көшіртіп, сын есімдерді тапқызып, сұрақ қойғызамын.

- **Құрметті** сөзіне мәндес сын есім тапқызу. (сыйлы, қадірлі)

3-жаттығу. Берілген сын есімдерді зат есімдермен тіркестіру.

(3 слайд)

(Сәйкестендіру арқылы) интерактивті тақта

- Өздері қалаған төрт сөзбен сөйлем құрастыртам.

4-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқытып, сын есімдерді тапқызып, астын сыздырамын.

- **Ат бауырлар** дегенді қалай түсінетінін сұрап, өзім толықтырып кетем.

Ү. Жаңа сабақты қорытындылау

Постер

1-топ: түсі мен көлемі

2-топ: дәмі мен пішіні (бойынша суреттерді таңдап, жапсырып, қорғайды)

ҮІ. Үйге тапсырма

5-жаттығу. Сурет бойынша мәтін құрастырту. Мәтінге ат қойып, сын есімдерді тауып келу.

ҮІІ. Бағалау

(Сабақ барысында жақсы қатысқан оқушыларға алмадан жасалған фишка таратып отырамын. Сол фишкалар арқылы бағалаймын)